

М. Б. Тұрланова, Г. Т. Жунусова

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОО-ДАҒЫ БИОСТАТИСТИКА ПӘНІ БОЙЫНША ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қарағанды медициналық университеті информатика және биостатистика кафедрасы

Бұл мақала медициналық білім беру жүйесінде танымал болып табылатын жаңа, заманауи өзіндік білім алу әдістерінің тиімділігін зерттеуге арналған. Мұнда қашықтықтан оқыту әдісі ретінде MOODLE платформасын пайдалану тиімділігінің қарама-қарсы тұстары, студенттердің көзқарасымен бағаланады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта университетпен пайдаланылып келе жатқан MOODLE платформасының сапасын жақсарту және жетілдіру жолдары анықталады.

Кілт сөздер: «e-learning» технологиялары, сабақ берудің инновациялық әдістері, қашықтықтан форма, студенттердің өзіндік жұмысы

Соңғы жылдары Қазақстанда және әлемдік қауымдастықтың басқа да көптеген елдерінде цивилизация дамуының аса маңызды стратегиялық мәселелерінің бірі ретінде қарастырыла бастаған білім берудің информатизациясы мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Мұның айқын дәлелі білім беру саласындағы Қазақстанның мемлекеттік саясатындағы позициясы болып табылады. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға Мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламасында, мақсаты ең мықты деген оқыту ресурстары және технологиялары оқыту процессінің барлық қатысушыларына теңдей қолжетімді болуын қамтамасыз ету болып табылатын, «e-learning» электрондық оқыту жүйесі жеке бөлімде таныстырылған болатын [2].

Электрондық оқыту жүйесінің компоненттерінің бірі қашықтықтық оқыту болып табылады. Қашықтықтан оқыту, негізгі педагогикалық процесстен ауытқымай-ақ, қашықтық режимінде отырып көп мөлшердегі білім алушыларды оперативті түрде оқытумен қатар, біліктілігін жоғарылатуға мүмкіндік беретін болғандықтан, білім беру тәжірибесіне мықтап енді [3].

Қашықтықтан оқытуды енгізу және дамыту мәселелері, соның ішінде медициналық білім беруде, бүгінгі күні аса өзекті болып табылады. Бірақ, бүгінгі күнге дейін медициналық ЖОО-дарында қашықтықтан оқыту жүйесінің ғылыми негізделуі және маркетингі бойынша зерттеулер жүргізілген жоқ.

Медициналық білім беру жүйесі, адам қызметіндегі аса консервативті аймақ болғанымен, қоғамның ақпараттандырудағы заманауи талаптарын орындауы, қолдауы және қамтамасыз етуі қажет, сонымен қатар қашықтықтық оқыту формасында да [1].

Қашықтықтан оқыту (ҚО) – бұл білім алушылардың оқыту құралдарымен интерак-

тивті қарым-қатынасына негізделген, арнайы бағытталған оқыту процессі.

Медициналық биофизика және информатика кафедрасында биостатистика пәні бойынша студенттердің өзіндік жұмысын (СӨЖ) және ОСӨЖ-ді ұйымдастырудың қашықтықтан формасы MOODLE платформасы арқылы тәжірибе жүзінде қолданылуда. Біз «Жалпы медицина» мамандығы бойынша 3 курс студенттеріне арналған қашықтықтан оқыту процессін ұйымдастыру бойынша электрондық әдістемелік комплексті ұсынамыз. Зерттелген тақырыптар бойынша тапсырмалар, нақты статистикалық есептерді шешу түрінде нұсқаларға жинақталған, мысалы, кездейсоқ шамалардың негізгі статистикалық сипаттамасын анықтау, таралудың қалыптылығын тексеру, таңдаманың минимальды көлемін анықтау, қауіптер мен мүмкіндіктерді бағалау, диагностикалық тесттердің диагностикалық және болжамдық маңыздылығын бағалау және т. б. Тапсырмалар көп нұсқалармен немесе сәйкестікпен белгіленетін тест күйінде берілген. Платформада керекті әдебиеттерге және ғаламтор ресурстарына гиперсілтемелер орналастырылған. Студенттер жұмысының нәтижесі бойынша бағалар электрондық журналға автоматты түрде қойылады, сәйкесінше бұл мұғалімдердің уақытын үнемдеуге көмектеседі.

Бастапқыда студенттер MOODLE қашықтықтан білім беру порталында <http://moodle.kgmu.kz> сілтемесі бойынша тіркеледі. Логин және пароль көмегімен «Биостатистика 3 курс ЖМ» курсына жазылады.

Электронды түрде оқу материалдарын ала отырып, студент білімді үйде, жұмыс орнында, сонымен қатар арнайы компьютерлік класста, кез келген жерде ала алады. Оқыту курсы лекцияларды өткізумен, әдістемелік материалдарды меңгерумен, өзіндік жұмыстарды және берілген тақырыпқа байланысты

тесттік тапсырмаларды орындау арқылы жүргізіледі. Қашықтықтан білім беру жүйесімен жұмыс жасау білім алушыларға жеке және коллективті түрде жұмыс жасау қабілетін арттыруға, білімін кеңейтуге, өзін-өзі бақылауға үйренуге және жеке уақытын жоспарлай білуге үйретеді, сонымен қатар, білім берудегі ақпараттық-компьютерлік технологиялардың маңызын түсінуге жол ашады.

Кемшіліктер ретінде білімді формальды бағалау (дұрыс жауап – дұрыс емес жауап) мен білім алушы мен білім берушінің арасында контакттың болмауын айтып өтуге болады.


Ал жаңашылдығы, қашықтықтан оқытудың ақпаратты таныстырудың көптеген мүмкіндіктерін, білім алудың интерактивтігін, материалдарды бірнеше рет қайталай алу мүмкіндігін, үнемі белсенді анықтамалық жүйені, оқу процессін жеке өзі бағалай алуын, білім алудың құпия түрін ұсынатындығында.

ҚМУ Медициналық биофизика және информатика кафедрасымен сауалнама жүргізілген болатын, оның мақсаты, қашықтықтан оқытуды пайдалануға қатысты студенттердің пікірін анықтау, Moodle – ды оқыту процессінде пайдалануға байланысты оң және теріс тұстарын анықтау. 14 сұрақтан тұратын сауалнамаға Қарағанды Медициналық Университетінің 50 студенті қатысты.


Сауалнаманың бірінші блогы студенттердің ғаламтор ресурстарын, соның ішінде, электронды-білім беру порталдарын пайдалануына бағытталған. Сауалнама нәтижесі бойынша, студенттердің 48%-ы «басылымнан шыққан оқу материалдары арқылы үйде дайындалуды» жөн көреді екен, ал 19%-ы «қашықтықтан оқыту жүйесін» ең тиімді деп есептейді және 33 %-ы «ғаламтор көмегімен дайындалуды» таңдайды (1 сурет).

Екінші блоктың сұрақтары студенттердің Moodle платформасын оқу процесінде пайдалануларына қатысты. «Moodle қашықтықтан білім беру порталында СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмаларын орындау сіз үшін ыңғайлы ма?» деген сұраққа, 77,1% студенттер жағымды жауап берді, ал 22,9 %-ы әртүрлі себептермен жағымсыз жауап қайтарды (2 сурет).


Сұрақтардың 3-ші блогы «Биологиялық статистика» пәнін оқыту процесінде Moodle платформасының тиімділігін анықтауға бағытталған. Сауалнама нәтижесі студенттердің 68%-ы қашықтықтан оқыту әдістерін тиімді деп есептейтіндігін, ал өкінішке орай, 32%-ы қашықтықтан оқытуды тиімсіз деп есептейтіндігін көрсетті (3 сурет).



1 сурет – Заманауи білім алуда студенттер өзіндік жұмыс үшін мына дайындық формаларын әлдеқайда тиімді деп есептейді.



2 сурет – Moodle қашықтықтық білім беру порталында СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмаларын орындау сіз үшін ыңғайлы ма?




3 сурет – Қашықтықтан оқыту әдістерін (Moodle) оқу процесінде пайдаланудың тиімділігі


Сауалнаманың 4-ші блогы медициналық жоғарғы оқу орындарында қашықтықтық оқытудың артықшылықтарын анықтауға бағытталған. 41,7 % студенттер Moodle платформасының басым тұсы ретінде «әділ бағалауды» көрсеткен болса, 20,8 %-ы «уақыт үнемдейтіндігін», тағы да 20,8 %-ы «тапсырмалар мен уақыттың нақтылығын», 16,7 %-ы «жауаптарды іздей алу» мүмкіндігін басымдық ретінде көрсетуде (4 сурет).

Алынған деректерге сәйкес, сауалнама жүргізілген студенттердің жартысынан көбі

қашықтықтық оқытуды қолдайтын болса, қалған студенттер керісінше пікір танытуда (5 сурет).



4 сурет – Студенттерге арналған тапсырмаларды орындауда Moodle платформасын пайдаланудың артықшылықтары



5 сурет – Қашықтықтан оқыту жүйесін қолдау

Сауалнама қорытындысы қашықтықтан оқытудың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар екендігін көрсетті. Артықшылығы, студенттердің қашықтықтан оқыту формасын түсінетіндігінде әрі қолдайтындығында. Студенттер, берілген оқыту жүйесі өзіндік графикке және темпқа, оқу материалдарының қолжетімділігіне, білім алу процессінің технологиялылығына және әлеуметтік теңдікке, объективті бағалану мүмкіндігіне ие екендігін айқындап, білім алу процессінің сенімділігін алға тартуда.

M. B. Turlanova, G. T. Zhunusova

DISTANCE LEARNING IN THE STUDY OF THE DISCIPLINE «BIOLOGICAL STATISTICS» IN MEDICAL UNIVERSITY
Department of informatics and medical biostatistics of Karaganda medical university (Karaganda, Kazakhstan)

This scientific article is devoted to the study of the effectiveness of new, modern self-education methods, which is popular in the field of medical education. The article examines both sides of the effectiveness of using the Moodle platform as a method of distance learning through the students' eyes. And there are also ways to improve the quality of Moodle platform, already used by the university.

Key words: «e-learning» technologies, innovative teaching methods, distance form, independent work of students

М. Б. Тұрланова, Г. Т. Жунусова

ДИСТАНЦИОННАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ПО БИОСТАТИСТИКЕ В МЕДИЦИНСКОМ ВУЗЕ
Кафедра информатики и биостатистики Медицинского университета Караганды (Караганда, Казахстан)

Представленная статья посвящена изучению эффективности современных методов самообразования, популярных в области медицинского образования. В статье рассматриваются обе стороны эффективности использования платформы Moodle в качестве метода дистанционного обучения глазами студентов. Существуют также способы улучшить качество платформы Moodle, уже используемой в университете.

Ключевые слова: технология «e-learning», инновационные методы обучения, дистанционная форма, самостоятельная работа студентов

Ал қашықтықтан оқытудың кемшіліктері ретінде, курстардың жүргізілуінің техникалық ақауларын, студенттердің заманауи компьютерлік технологиялармен жұмыс жасай алмауын және курс материалын өзіндік сараптаудың қиындығын айтуға болады.

Осылайша, дәстүрлі және қашықтықтан білім беру әдістері үнемі бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болып, бір-бірін толықтырып отыру қажеттілігі міндетті болып табылады. Бұл екі түсінік әрдайым бір толқында болып, бір деңгейде дамулары қажет.

ӘДЕБИЕТ

1 Анисимов А. М. Работа в системе дистанционного обучения Moodle: Учеб. пособие. – Харьков: ХНАГХ, 2009. – 344 с.

2 Семченко А. А. Методическое пособие по проведению мониторингового исследования электронного обучения /А. А. Семченко, С. Т. Мухамбетжанова, Г. Н. Толыкбаева. – Алматы, 2011. – 60 с.

3 Чернышёва С. В. О внедрении e-learning в учебный процесс медицинских вузов //Известия Алтайского государственного университета. – 2010. – №3. – С. 43-45.

REFERENCES

1 Anisimov A. M. Rabota v sisteme distantsionnogo obuchenija Moodle: Ucheb. posobie. – Har'kov: HNAGH, 2009. – 344 s.

2 Semchenko A. A. Metodicheskoe posobie po provedeniju monitoringovogo issledovanija jelektronnogo obuchenija /A. A. Semchenko, S. T. Muhambetzhanova, G. N. Tolykbaeva. – Almaty, 2011. – 60 s.

3 Chernyshjova S. V. O vnedrenii e-learning v uchebnyj process medicinskih vuzov // Izvestija Altajskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2010. – №3. – S. 43-45.

Поступила 03.04.2019 г.